КІТАПХАНАЛАРҒА МЕТОДИКАЛЫҚ БАСШЫЛЫҚ ЖЕТІЛДІРІЛСІН

Кеше, Қарағандыда кітапхана қызметкерлерінің республмкалық семинары аяқталды. Семинарды Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қарағанды облыстың мәдениет басқармасы, А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік республикалық кітапхана, Н. В. Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана өткізді. «СССР-де кітапхана ісі туралы Ережеге сәйкес республика кітапханаларында методикалық басшылық жүйесін жетілдіру» деген тақырыпта өткен бұл семинар-практикумға республиканың Солтүстік Қазақстан облысынан басқа барлық облыстарының өкілдері қатысты. Кітапхана ісін жақсарту, олардың методикалық жұмысын одан әрі жетілдіруге байланысты бұл тәжірибе алмасу ведомстволық бағыныштылығына қарамастан республиканың барлық кітапхана жүйесін қамтыды.

Бейсенбіде, семинардың алғашқы күні Қарағанды музыкалы драма театрының үйінде семинарға қатысушылардың пленарлық мәжілісі ашылды. Оған халық депутаттары облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары М. Б. Бөкенов, облыстың мәдениет басқармасының бастығы Р. К. Омарбекова, облыстық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісінің орынбасары Б. Рақымова, республкка Мәдениет министрлігінің кітапхана ісі жөніндегі жетекші қызметкерлері қатысты.

Семинарда «СССР-де кітапхана ісі жөніндегі Ережеге сәйкес республика кітапханаларына методикалық басшылық жүйесінің жайы және оны жетілдіру шаралары туралы» Қазақ ССР Мәдениет министрлігі кітапхана бөлімінің бастығы З. Л. Антропоза баяндама жасады.

— Қоғам дамуының жаңа сатысында мәдениеттің қарыштап өркендеуіне орай кітапхана ісіне методикалық басшылықты үнемі жаңаша құрып, жақсартып отыру қажет, —деді ол.— Республикада барлық жүйелер бойынша казір жиырма мыңнан аса кітапхана бар. Олардың кітап қоры 250 миллион томға жуықтайды. Қазір республикада кітапханалардан 11 миллион адам кітап алып оқиды. Еңбекшілерге мәдени қызмет көрсетудің маңызды ошақтары болумен бірге олар белсенді идеологиялық, саяси-тәрбие жұмысын жүргізіп келеді. Партияның адамдар тәрбиесін одан әрі күшейту женіндегі талаптарына сәйкес кітапхана оқырмандардың әрбір тобының тілегін неғұрлым толық қанағаттандыратындай дәрежеде жұмыс істеуге тиіс.

Коммунистік партия совет адамдарының алдына жаңа міндеттер қойып отыр. КПСС Орталық Комитетінде ғылыми-техникалық прогресс жөнінде июнь айында өткен кеңесте еңбекшілердің жалпы ғылыми-техникалық дәрежесін арттыруға баса назар аударды. Міне, осыған байланысты кітапханалар жүйесі арқылы ғылыми білімдерді тарату — бүгінгі күнкің өзекті мәселесі. Ал, шынын айту керек, дәл қазір біздің кітапхана жүйелеріміз бұл талап деңгейіне жете койған жоқ. Елімізде Азық-түлік программасын орындауға бейланысты кітапханалар атқаратын іс көп. Ауыл еңбеккерлері әлі де болса көптеген кітаптарды ала алмайды.

Мектеп реформасының жүзеге асырылуына кітапханалар тікелей көмектеседі. Жас оқырмандардың білім деңгейі мен даму ерекшеліктеріне сәйкес кітап ұсынудың өзіндік тәртібі бар. Семинарда балапар кітапханалары жөнінде жан-жақты сөз болды. Идеопогиялық жұмыстың құрамдас бөлігі буржуазиялық адастыру ниетіне қарсы насихатты күшейту жөнінде кітапханалар жұмысын белгілі арнаға бейімдеу қажет.

Осы тақырыптарды кеңінен қамтып, кітапханаларға методикалық басшылықты жетілдіру мәселесін жан-жакты қарастырған осындай семинар тұңғыш рет Қарағандыда өткізіліп отыр.

— Мұның мәнісі, деді республика Мәдениет министрлігінің бас инспекторы И. Д. Мукосеева, — бұл облыста кітапхананың методикалық жұмысын ұйымдастыру жөнінде бірқатар жақсы тәжірибе бар. Айталық, қарағандылық кітапханашылар кітапхананың өндіріс коллективтерімен ынтымағын нығайту жөніндегі бастаманың иелері. Кітап таратудың қарапайым да пәрменді түрі ретінде бригадалың абонемент тәртібі де осы қалада қанат жаюда. Осындай ынтагерліктің нәтижесінде Қарағанды облысында кітап айналымы республика бойынша жоғары. Мұнда кітапхана кадрларын тәрбиелеу және орналастыру мәселесіне үлкен көңіл бөлінеді. Кітапхана жүйесі директорларының советі деп аталатын, әрі басқару, әрі методикалық жетекші органның да Қарағандыда туып, республикаға таралғанын айтуымыз керек.

Семинарда кітап қорының айналымын одан әрі тездету жөнінде жан-жақты пікір алынды. Атап айтайық, бұл жөнінде Қазақстан көрсеткіші одақтық дәрежеден төмен. Көптеген кітапханаларда әдебиеттер оқырманын таппай сөреде тұрады. Оған қоса, әсіресе селолық жерде кітап оқырмандар саны аз. Міне осы жағдайда кітапты өз оқырманына неғұрлым жақындату жоне әр кітапты бірнеше адам оқуына жету мәселесі бізді ойландырып келген еді.

Семимарға қатысқан Алматы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана ғылыми-методикалық бөлімінің меңгерушісі С. И. Терлікбаева малшылар арасында кітап тарату мәселесі жөнінде өз пікірін білдірді. Ол қарағандылық әріптестерінің кітапхана серіктіктерін құру және олардағы кітап қорын жаңартыл тұру жөніндегі тәжірибесінің құнды екендігін айтты. — Қарағандылықтар облыстың өркенді өнеркәсібіне, дамыған ауыл шаруашылығына сай жақсы кітапхана жүйесін қалыптастырып алған екен, — деді ол. Бұл пікірді Орал облыстық балалар кітапханасының бөлім меңгерушісі Л. М. Смирнова да колдады. —Оқу орындары көп мұндай облыста біз уйренетін жұмыс бар екен. Әсіресе кәсіби-техникалық училищелердің кітапханаларында өткізілетін жұмыстардың өзіндік сипаты бар. Әрине, бұл орайда бізде де тәжірибе жоқ емес. Семинардың екі күнінде әріптестерімізбен кеңесіп, пікір алысу үстінде бірқатар жайға қанықтық.

Семинарға қатысушылардың қай-қайсысы болса да өздерінің кәсіби ісіне пайдалы жауаптар алғанын айтады.

Облысымызда кітапханалар партия ұйымдарының шын мәнінде тірегіне айналып келеді. Бір ғана мысал, өткен жылы кітапхана серелерінен жұртшылық алған әдебиеттердің екі жарым миллион томы саяси кітаптар екен. Кіталханалар ғылым мен техника жаңалықтарын насихаттайтын әдебиеттерді таратуға ден қояды. Жаңашылдық, рационализаторлық тақырыптарындағы әдебиеттерді тарату үстінде «Жаңашылдар трибунасы». «Өндірістің жоғары мәдениеті үшін», «Үнемшілдік — отаншылдық қасиет» деген сияқты тақырыптық талқылаулар туды. Кітапхана қызметкерлері өндіріс орындарында, еңбекшілердің тұрағында кітап көрмелерін ұйымдастырады. Оқырмаи конференциялары мен тақырыптық кештер, ауызша журналдар мен қоғамдық-саяси оқулар кітапхананың қорындағы әдебиеттерді жұртшылыққа жеткізу мүддесін көздейді.

Семинарда тиісті бағасын алған жылжымалы кітапханалар жүйесі кеңейіп, қазір олардың саны 1200-ден асып отыр. Мұның өзі оқырмандар қатарының 16 мың адамға көбеюіне жеткізді.

Кітапхана қызметкерлерінің республикалық семинарының екінші күні оған қатысушылар бірнеше топқа бөлініп, арнайы тақырыптар бойынша жұмыс істеді. Облыстық әмбебап ғылыми кітапханалар секциясы Н. В. Гоголь атындағы облыстық кітапханада өтті. Бұл секцияның жетекшісі республикалық мемлекеттік А. С. Пушкии атындағы кітапхана директорының орынбасары Ү. Қ. Мәуленбердина Қарағанды облыстық кітапханасының ғылыми-методикалық қызметине қанағат сезімін білдірді. — Бұл, өзіндік тарихы, тәжірибесі және жаңалықтары бар білім ордасы. Қарағанды қаласымен бірге жасасып келе жатқан кітапхананың облыс еңбекшілері алдындағы саяси-шаруашылық міндеттерге орай бет бұрып отыратынын құптаймыз. Мұнда «Еліміз съезд алдында» деген тақырыпта өткізілетін қоғамдық-саяси лекторийді әсіресе жастар жақсы қабылдаған. Кітап оқырмандарымен қоян қолтық байланыстың бұл формасы нақты өмір мысалдарына құрылған. Кітапхана қорындағы әдебиеттерді басшыққа ала отырып, кітапхана қызметкерлері совет адамдарының съезд алдындағы өрлеу еңбегі жайында қызғылықты әңгімелер айтады, өндірісті интенсивтендіру, ғылыми-техникалық прогресті жетілдіру мәселесін талқылайды.

Облыстық кітапхананың директоры Ю. С. Князева әріптестеріне кітапхана жұмысының перспективалық жоспарларын талдап көрсетті. Онда айы, күні, сағаты белгіленіп, әрбір шара көрсетілген. Және де оларға қатысатын адамдар тобы іріктеледі. Айталық, бір тақырыпқа белгілі бір кәсіпорында еңбек ететін оқырмандар, немесе келесі тақырыпқа жас ерекшеліктеріне қарай таңдалады. Сөйтіп, кітапхана шараларының жай бас қосу емес. еркін әңгіме, пікір таласы түрінде өтуіне жетпекпіз, деді ол. Биыл кітапхананың методикалық бөлімі басқа кітап ошақтарына көмек ретінде бірнеше методикалық құралдар жасап, кітапша етіп таратты. Олардың бірі — КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне арналса. екіншісі «Еңбек ерлері — кітап қаһармандары» деп аталады. Тағы бір кітапша республикамыздың 65 жылдығына орай, «Қазақстан — терезесі тең республика» деген атпен шығарылды.

Село кітапханаларын орталықтандырудың да өз ерекшеліктері бар. Бұл жөнінде Ульянов аудандық кітапхана жүйесінің методисі Н. Н. Науменко жақсы пікірде. Аудандағы 40 кітапхана бір жүйеге қамтылған. Олардың ішінде методикалық жетекшілік аудандық кітапханаға жүктелген. Тиісінше, аудандық кітапхананың мамандары жержердегі кітапханалардың жұмысы үшін тікелей жауап беретінін біледі. Мұндай бірегей жүйе ведомстволық бағыныштытығына қарамастан барлық кітапхананың жұмысын жандандыруға әсер етеді. — Өткен семинар, — деді ол,— өте пайдалы болды. Біз республиканық басқа облыстарындағы жұмыс тәртібімен таныстық. Өз мүмкіндіктерімізді байқадық.

Облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры Р. Белгожанова «Жастар тәрбиесі және кітапхана» деген тақырып төңірегінде өз пікірін білдіріп, республикалық семинардан жақсы әсер алғанын айтты. Павлодар мен Семей облыстарының тәжірибесі қызық екен,— деді ол. Бұл екі облыстағы жасөспірімдер кітапханасы кітап тарату ісін саралап жүргізе біледі.

Сонымен көмірлі қаламызда республикамыздың жетекші кітапхана мамандары бас қосты. Нақты іс, бүкпесіз пікір айту жағдайында өткен жиын әсіресе біздің облыстың кітапханашыларына пайдалы болуға тиіс деп ойлаймыз. Жасыратыны жоқ, әлі де болса қалалық және аудандық кітапхана жүйелерінде кемшілік аз емес. Жергілікті мәдениет қызметкерлер, совет органдары кітапхана жұмысы деген оның сыртқы формасына ғана қарайды. Кітапхана үйі қолайлы, сөрелері кітапқа толып тұрса болды. Ал, ең бастысы— методииалық көмек екенін біле береміз бе! Кітапхана кітап қоймасы емес, оқырмандар мұнда жиі келіл, өз керегін тауып тұрса ғана шын мәнінде мәдениет ошағы деген талапқа сай бола алады. Жергілікті партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары да кітапхананың әр күнгі қызметін өздерінің жұмысына көмек деп білгені жөн. Кіталханаға оқырман тек кітап алып қайту үшін ғана бармайды, өзімен ниеттес, пікірлес, мінездес басқа да адамдармен кездесіп, тілдесу үшін, бос уақытын мәнді өткізу үшін барады. Білім қайнары, тәлім-тәрбие мектебі —міне, әрбір кітапхананы осындай көргіміз келеді.

З. ТАЙШЫБАЕВ.

Орталық Қазақстан.-1985.-17 тамыз